# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2024 жылғы 4 мамыр № 4360-24-00-2/522 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А. Әбілқайысқызы,
сот отырысының хатшылығында Г.Таженованың отыруымен, ашық сот отырысында мобильді бейнебайланыс арқылы қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны

**ЖАУАПКЕР:**
«Эко-РБК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Шартты бұзу

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:**
прокурор Б.Имантаев
талап қоюшы өкілі Д.Рысбаев
жауапкер өкілдері Ж.Акшаева мен А.Нагашибаева

**СИПАТТАУ БӨЛІГІ:**

2024 жылғы 5 ақпанда тараптар арасында көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №47 шарт (бұдан әрі - Шарт) жасалған.

Шарттың 2.1-тармағы мен шарттың №1,2 қосымшаларына сәйкес жауапкер «Қауіпті қалдықтарды/мүлікті/материалдарды шығару (жинау) бойынша» қызметті шарт күшіне енген күннен бастап жыл аяғына дейін көрсетуге міндеттенген.

Талап қоюшы жауапкерді шарт бойынша міндеттемесін орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінген. Азаматтық істі қарау барысында талап қоюшы талабын ұлғайтып, жауапкерге тараптар арасында жасалған Шартты бұзу туралы талабын қойды.

Жауапкер сотқа жазбаша пікір жолдап, онда талаппен келіспей жауапкер өзінің тарапынан шартта көрсетілген міндеттемелер бойынша талаптарды уақытылы және тиісті түрде орындауға әрекеттер

жасағандығын, талап қоюшымен араларында зиянды заттарды алыс-беріс актілері бар екендігін, атқарылған қызметтер актісі талап қоюшыға жолданғанымен ол актіге талап қоюшы қол қоюдан бас тартқандығын, талап қоюшы қызметкерлері медициналық қалдықтарды беруден бас тартып отырғандарын, талап қоюшы өкілінің сұратқан жұмыс жасауға рұқсат қағаздарының барлығын жолдағандарын, дегенмен қажеті жоқ құжаттарды да қосымша талап қоюшымен сұратылғандығын көрсетіп, талап қоюды толығымен қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талап қоюдағы уәждерін қуаттап, жауапкер бүгінгі күнге міндеттемелерін мүлде орындамағандығын, медицина қалдықтарын алуға келген автокөлік жүргізушілерінің тиісті құжаттары болмағандағын, жауапкер медициналық қалдықтарды жойғандығын растайтын құжаттарды ұсынбағандығын, алыс-беріс актілеріне сай жауапкер аудандардан тек ақпан және наурыз айларында бір реттен ғана қызмет көрсеткендігін айтып, талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысында қарсы пікірдегі уәждерін қолдап, талап қоюшы өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндік бермей, кедергі келтіргендігін, жалпы атқарып жатқан қызметтерінің барлығы экологиялық заңнама талаптарына сай келетіндерін, сондықтан талапты толығымен қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор талап толығымен қанағаттандыруға жататыны туралы қорытынды айтты.

**<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>**

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ЗРК Қазақстан Республикасының Заңының (ары қарай-Заң) 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Іс құжаттарынан және сот отырысындағы тараптар уәждерінен анықталғандай, жауапкер Шарт күшіне енген күннен бастап бүгінгі күнге дейін міндеттемелерін тиісті дәрежеде орындамағандығы өз дәлелін табады. Ал жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындағаны туралы дәлелдемелер қатарында ұсынған аудандарға қатысты алыс-беріс

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайыскызы А., 15.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 03.07.2024, судья Әбілқайыскызы А., 15.07.2024
4360-24-3-1230

актілері бір жақты жасалған. Бұл актілерде нақты қандай медициналық қалдықтарды алғандығы, кімнен алғандығы туралы мәліметтер жоқ.

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте қызмет көрсету тәртібі айқындалған. Яғни қызмет көрсету мерзімі Шарт жасалған күннен бастап жыл аяғына дейін екендігі және медициналық қалдықтарды шығару тапсырыс берушінің тапсырысы бойынша (уақытын тапсырыс берушімен келісу), қандай мекенжайлардан алу керектігі туралы нақты көрсетілген.

Шарттың бұл талаптарын жауапкер де жоққа шығармайды. Себебі, Заңның 38-бабының 4- тармағына сай, әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Техникалық ерекшелік талаптарында өнім берушінің нақты қандай нормативтік актілердің талаптары орындалуы және қандай әрекеттер жасалу қажеттігі көрсетілген.

Соның ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығымен бекітілген «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидасының 2-параграфының 86-тармағына сәйкес нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес оңай дезинфекцияланатын, су өткізбейтін жабық шанақпен жабдықталған көлік құралында жүзеге асырылатыны нақтыланған.

Өнім беруші тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі №460 «Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға рұқсат етілген қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын және қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес көліктік бақылау берген арнайы рұқсаттың көшірмесін ұсынуға міндетті.

«Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын және Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға рұқсат етілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 17 сәуірдегі №460 бұйрығына сәйкес 6-сыныпты қауіпті жүктерді тасымалдауға жүргізушіге рұқсатының болуы.

ҚР СТ 3498-2019 «Қауіпті медициналық қалдықтар бөлек жинауға, сақтауға, қабылдауға, тасымалдауға және кәдеге жаратуға қойылатын талаптар» стандартына сәйкес көрсетуі тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу кезінде әлеуетті өнім берушілер мен өнім берушілерге қойылатын жекелеген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары– Қазақстан

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайыскызы А., 15.05.2024
4360-24-3-1/480
Заңды күшіне енген күні: 03.07.2024, судья Әбілқайыскызы А., 15.07.2024

Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 28 ақпандағы №155 бұйрығымен қосымша талаптар белгіленуі мүмкін. Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі қызметтерді көрсететін әлеуетті өнім берушілер мен өнім берушілер көрсетілген қызметтерді сатып алу жоспарланып отырған тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың) аумағында болуға тиіс.

Тапсырыс беруші тоқсан сайын келіп, мониторинг жүргізеді. Орындаушы кәдеге жарату орны мен әдісін көрсетуге міндеттенеді. Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша жұмысты бағалау үшін Тапсырыс берушінің өкілдеріне кәдеге жарату объектілерін осы техникалық ерекшелікке сәйкес көрсетуі тиіс.

Жауапкердің медициналық қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі қызметтерді көрсететін Қызылорда облысының аумағында орналасқан ғимараттары қазіргі таңда жоқ екендігі іс құжаттарындағы жауапкердің «Вега-Пром» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен араларындағы жалға алу шартының бұзылғандығы туралы хатымен өз дәлелін табады.

Одан бөлек Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы №ҚР ДСМ-96/2020 бұйрығымен бекітілген «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 181-тармағының 5-тармақшасына сай, «Б» және «В» сыныптары медициналық қалдықтарын жинауға мынадай талаптар қойылады: медициналық қалдықтарды қауіпсіз жинауға және кәдеге жаратуға арналған контейнер (ары қарай-ЖҚКЖК) көлемінің төрттен үш бөлігінен асырылмай толтырылады. ЖҚКЖК толтырылғаннан кейін қақпақпен тығыз жабылады және үш тәуліктен асырмай сақталатын медициналық қалдықтарды сақтауға арналған үй-жайға жіберіледі, ал 190-тармағына сай, тамақ қалдықтарын, «Б» сыныбының залалсыздандырылған медициналық қалдықтарын жиырма төрт сағаттан артық сақтау тоңазытқыштарда және мұздату камераларында жүзеге асырылады, бірақ үш тәуліктен асырмайды.

Дегенмен жауапкер тарапынан бұл талаптардың орындалғаны туралы дәлелдеме құжаттар табысталмады.

Сонымен бірге медициналық қалдықтардың жойылғандығын растайтын құжаттар да сотқа тапсырылған жоқ. Тек қана фотосуреттер мен бейнебаян жолданған. Олардан шын мәнінде қандай заттардың, қайда, қандай құжаттар негізінде жойылып, жандырылып жатқандығы белгісіз. Сондықтан іс құжаттарынан жауапкердің талап қоюшыға қандай да бір қызмет көрсеткендігі дәлелденбейді. Сәйкесінше, бүгінгі күнге жауапкер Шарт бойынша міндеттемелерін орындамады деген талап қоюшы уәжі толығымен өз дәлелін тауып отыр.

Сондықтан сот талап қоюшының талабы шартпен, шарттың №1, №2 қосымшаларымен және жауапкердің өз міндеттемелерін орындамауымен расталатындығын ескеріп, барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан баға бере отырып, талап қоюшының талабы қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайыс қызы А., 15.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 03.07.2024, судья Әбілқайыс қызы А., 15.07.2024
4360-24-3-17480

сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша.

АК-ның 401-бабының 1,2 –тармақтарына сай, егер осы Кодексте, басқа да заң құжаттары мен шартта өзгеше көзделмесе, шарт тараптардың келісуімен өзгертілуі және бұзылуы мүмкін.

Тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт:

1) екінші тарап шартты едәуір бұзған кезде;
2) осы Кодексте, басқа да заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге реттерде тек сот шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

Тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп соқса бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады.

АК-ның 403-бабы бойынша шартты өзгерту және бұзу тәртібі туралы келісім, егер заңдардан, шарттан немесе іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан өзгеше туындамаса, шарт жасалатын сияқты нысанда жасалады.

Шартты өзгертуге немесе бұзуға ұсыныстан екінші тараптың бас тартуы алынғаннан кейін, не ұсыныста көрсетілген немесе заңдарда не шартта белгіленген мерзімде, ал ондай мерзім болмаған кезде отыз күн мерзімде жауап алынбағаннан кейін ғана тарап шартты өзгерту немесе бұзу туралы талапты сотқа мәлімдей алады.

Іс құжаттарынан және тараптардың түсініктерінен анықталғандай, талап қоюшы жауапкерге шартты бұзу туралы хабарламалар жолдаған және бұл хабарламаларды алғандығын жауапкер өкілі де растап отыр. Ал жауапкер шарт талаптарына сай атқарылған жұмыстар актісін талап қоюшыға жолдағанымен, талап қоюшы оны қабылдамаған.

Сондықтан жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауына байланысты сот талап қоюшының Шартты бұзу туралы талабын негізді деп санап, Шарт бұзылуға жатады деген тұжырымға келді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне, ал АПК-ның 109 бабына сай жауапкерден талап қоюшы пайдасына мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Эко-РБК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайыс қызы А., 15.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 03.07.2024, судья Әбілқайыс қызы А., 15.07.2024
4360-24-3-1/480

мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Эко-РБК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Тараптар арасында жасалған 2024 жылғы 5 ақпандағы №47 шарт бұзылсын.

Жауапкер «Эко-РБК жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Эко-РБК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен талап қоюшы пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Әбілқайысқызы

көшірмесі дұрыс

Судья А.Әбілқайысқызы

Анықтама:

Шешім заңды күшіне енді «03» шілде 2024 жылы.

Судья А.Әбілқайысқызы

Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы
№4399-24-00-2а/648 қаулы негізінде.

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 15.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.07.2024, судья Әбілқайысқызы А., 15.07.2024